

Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 11 мамырдағы N 135-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасында құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Тұрысбеков - Қазақстан Республикасының
Зауытбек Қауысбекұлы Ішкі істер министрі, жетекші

Отто - Қазақстан Республикасының
Иван Иванович Ішкі істер бірінші вице-министрі,
жетекшінің орынбасары

Панасенко - Қазақстан Республикасы
Всеволод Всеволодович Ішкі істер министрлігінің
Штаб-Департаменті бастығының орынбасары,
хатшы

Кәрбозов - Қазақстан Республикасының
Қозы-Көрпеш Жапарханұлы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Аманшаев - Қазақстан Республикасының
Ермек Әмірханұлы Мәдениет вице-министрі

Әшитов - Қазақстан Республикасының
Батыржан Зайырқанұлы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау
вице-министрі

Досжан - Қазақстан Республикасының
Ардақ Дүкенбайұлы Ақпарат вице-министрі

Шәмшидинова - Қазақстан Республикасының
Күләш Ноғатайқызы Білім және ғылым вице-министрі

Жұмағалиев - Қазақстан Республикасының
Асқар Қуанышұлы Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі
агенттігі төрағасының орынбасары

Сұнтаев - Қазақстан Республикасының
Тілеген Иматұлы Кедендік бақылау агенттігі төрағасының
орынбасары

Мұқатаев Марат Әбусағитұлы	- Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы Тергеудің және анықтаудың заңдылығын қадағалау жөніндегі департаментінің арнайы прокурорлар басқармасының бастығы (келісім бойынша)
Омарәлі Гүлназ Алмасбекқызы	- Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Мемлекеттік органдар қызметінің заңдылығын қадағалау жөніндегі департаменті ұйымдастыру-талдау бөлімінің аға прокуроры (келісім бойынша)
Казанцев Валерий Анатольевич	- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тергеу департаментінің аға консультанты (келісім бойынша)
Булавин Александр Владимирович	- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті Жедел атқару басқармасының бастығы
Булименко Татьяна Викторовна	- Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық басқармасының бастығы
Дүрменбаев Қайырбек Қасымбекұлы	- Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Кеден ісі саласындағы қылмысқа және әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі басқармасының бастығы
Рахматулин Асқар Рашитұлы	- Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы) Экономикалық қылмыстарды ашу және тергеу жөніндегі департаменті Экономикалық қылмыстарды ашу жөніндегі басқарма бастығы орынбасарының міндетін атқарушы
Мамыраев Батырбек Мұратбекұлы	- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің Заң басқармасы бастығының

орынбасары

Мырзабекова

- Қазақстан Республикасының

Алмагүл Мәжитқызы

Ақпарат министрлігі Бұқаралық ақпарат

кұралдары департаментінің бас маманы

Кәрімбаев

- Қазақстан Республикасы

Нұрсұлтан Тұрлыбекұлы

Мәдениет министрлігінің Жастар саясаты

департаменті жастар бағдарламалары

бөлімінің бастығы

2. Жұмыс тобы екі ай мерзімде Қазақстан Республикасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қылмысқа қарсы күрестің 2005-2006 жылдарға арналған бағдарламасының жобасын әзірлесін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А.Тілеубердинге жүктелсін.

Премьер-Министр